Нысанның БҚСЖ бойынша коды Код формы по ОКУД _____ КҰЖЖ бойынша ұйым коды Код организации по ОКПО _____	
Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Министерство здравоохранения Республики Казахстан	
Мемлекеттікорганныңатауы Наименование государственного органа «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қазығұрт аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі Республиканское государственное учреждение «Казыгуртское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»	

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение
№ X.03.X.KZ88VWF00104498
Дата: 03.08.2023 ж. (г.)

1.Санитариялық-эпидемиологиялық сараптау (Санитарно-эпидемиологическая экспертиза)
ЖШС «Асем" 225 орынға арналған бөбекжай балабақшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 20-бабы сәйкес санитариялық- эпидемиологиялық сараптама жүргізілетін объектінің толық атауы) (полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

Жүргізілді (Проведена) ***Заявление от 30.07.2023 17:12:06 № KZ15RYS00420499***

өтініш, ұйғарым, қаулы бойынша, жоспарлы және басқа да түрде (күні, нөмірі)
по обращению, предписанию, постановлению, плановая и другие (дата, номер)

2.Тапсырыс (өтініш) беруші (Заказчик)(заявитель) ***"Әсем" бөбекжай-балабақшасы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекені, А. Кайымбеков көшесі, №6, ЖШС «Асем бөбекжай балабақшасы" (ЖШС-нің басшысы А. Дөнен, ЖШС-нің БСН-160640019727 , сымтетік: 87026272302)***

Шаруашылық жүргізуші субъектінің толық атауы (тиесілігі), объектінің мекен жайы/орналасқан орны, телефоны, басшысының тегі, аты, әкесінің аты
(полное наименование хозяйствующего субъекта (принадлежность), адрес/месторасположение объекта, телефон, Фамилия, имя, отчество руководителя)

3. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама ұжүргізілетін объектінің қолданылу аумағы (Область применения объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы)
Мектепке дейінгі білім беру, ЖШС «Асем бөбекжай балабақшасы", Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекені, А. Кайымбеков көшесі, №6,
сала, қайраткерлік ортасы, орналаскан орны, мекенжайы (сфера, вид деятельности, месторасположение, адрес) ***Мектепке дейінгі білім беру***

4. Жобалар, материал дарәзірленді (дайындалды) (Проекты, материалы разработаны (подготовлены) ***СКА белгіленбейді***

5. Ұсынылғанқұжаттар (Представленные документы) ***ЖШС өтініші, КР ДСМ СЭБК "ҰСО" ШЖКРМК Түркістан облысы бойынша филиалының Шымкент қалалық бөлімшесінің зертханалық зерттеу хаттамалары***

6. Өнімніңүлгілеріұсынылды (Представлены образцы продукции) ***Қажет етілмейді***

7. Басқа ұйым дардың сараптау қорытындысы (егер болса) (Экспертноезаключение других организации если имеются) ***Жоқ***

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

Қорытынды берген ұйымның атауы (наименование организации выдавшей заключение)

8. Сараптама жүргізілетін объектінің толық санитариялық-гигиеналықсипаттамасы мен оғанберілетінбаға (қызметке, үрдіске, жағдайға, технологияға, өндіріске, өнімге) (Полная санитарно-гигиеническая характеристика и оценка объекта экспертизы (услуг, процессов, условий, технологий, производств, продукции)

Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекені, А. Қайымбеков көшесі, №6 үй жайда орналасқан пайдаланудағы ЖШ С «Асем бөбекжай балабақшасына жаңадан қосымша ғимарат соғылуына байланысты (ЖШ С-нің басшысы А. Дөнен, ЖШ С-нің БСН-160640019727, сымтетік:87026272302) балабақшаның ғимараттарына бару кезінде төмендегі жайлар анықталды:

Қазығұрт ауданы, Қазығұрт ауыл округі, Қазығұрт елді мекені, А. Қайымбеков көшесі, №6 үй жайда орналасқан пайдаланудағы ЖШ С «Асем бөбекжай бала бақшасының ғимараты А, А1, Б корпустарынан тұрады, бақша жалпы 225- орынға арналған.

А корпусы -1 қабаттан тұрады, жалпы құрылыс ауданы 486,7м2, ғимарат ауқымы -1935м2, жалпы алаңы -408,5м2, ғимарат -17 бөлмеден тұрады.

А1 корпусы -1 қабаттан тұрады, жалпы құрылыс ауданы -86,3м2, ғимарат ауқымы -336м2, жалпы алаңы -69,3м2, ғимарат -6 бөлмеден тұрады

Б корпусы -1және 2 қабаттан ғимараттардан тұрады, жалпы құрылыс ауданы 610м2, ғимарат ауқымы -4165м2, жалпы алаңы -857,2м2, ғимарат -41 бөлмеден тұрады.

Бақша құрылысына жер учаскесін таңдау кезінде алаң "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 20-бабы 23-16) тармақшасына сәйкес сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер (бұдан әрі - сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер) талаптарымен айқындалған.Балабақша ауласында педагогикалық, медициналық, әкімшілік персоналдың жұмысына кедергі келтіретін немесе бұзатын, жатын бөлмелеріне, топтық үй-жайларында, медициналық кабинеттерге көрші шумен қоса жүретін және балаларды аландатын ғимараттар орналастырылмаған. Жеке гигиена бөлмелері, персоналға арналған санитариялық тораптарды әкімшілік үй-жайлар бақша аймағында орналасқан. Персоналға арналған дәретханаларда унитаздар, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар, қоқыс жинауға арналған урналар орнатылған. Бақша ауласында бөгде ғимараттардың орналасуы анықталмады, бақшаның жан-жағы зақымдалмаған 1,5см биіктіктегі коршаумен коршалған. Объектілердің аумағы және қоршау сыртындағы оған іргелес аумақ таза. Қоқыс тастайтын тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталған қоқыс жинағыштар бар, олар шаруашылық аймақтағы үш жағынан коршалған, тазалауға және дезинфекциялауға жеңіл су өткізбейтін жабыны бар алаңға орнатылған. Бақша аумағында балалардың әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары карастырылған, алаңдардың көлемдері балалардың санына карай бір орынға кемінде 4 шаршы метр (бұдан әрі - м2) қабылданған. Бақшада әкімшілік-шаруашылық, тұрмыстық үй-жайлардан және бір-бірінен топтық окшаулау кағидаты сақталған.Бақшаға кіру және одан шығу жолдарына, көлікпен кіру жолдары, шаруашылық құрылыстарға, қоқыс жинайтын алаңдарға, санитариялық-аулалық қондырғыларға өтетін жолдар (келушілерге -1, автокөлікке-1) карастырылған, жолдарды тазалауға қолжетімді катты жабынмен толық жабылған. Бақша аумағында және үй-жайларында олармен функционалдық жағынан байланысы жок объектілер орналастырылмаған.

Балалардың бойы мен жасына сәйкес келетін, үшкір шығыңқы жерлері мен кемшіліктері жок, су өткізбейтін материалдан беті жабыны бар балалар алаңдар мен спорт алаңдары таза, тегіс, бөгде заттар жок, жабдықтар балалар жасына, бойына сай келеді. Ойын алаңдарының төсеміне құм себілген, ныгыздалған, әрбір жас топтары үшін жеке ойын алаңдары көзделген.

Барлық топтық үй-жайларының құрамына киім шешетін бөлме, ойын, жатын бөлмесі, буфет-тарату орны, дәретханалар бар.

Бақшаның жалпы жатын бөлмелер ауданы - 414,2м2 (45,1- 51,3,0м2,) жалпы ойын бөлмелерінің ауданы-453,1м2 (50,0-50,2 м2) буфет бөлмелерінің жалпы ауданы -48,4м2(3,8-4,8м2), киім шешетін бөлмелер ауданы-184,1м2(17,5-22,0м2) топтағы дәретхананың ауданы -160,9м2(16,0-16,1м2) дәліз-35,2 м2, зал-102,1м2, медициналық кабинет бөлмелерінің жалпы ауданы-20,4м2, әр топқа көлеңке қалқа ауданы 20 м2 және асхана-23,5м2, қойма-13,8м2, және қызметтік (кабинеттер, кір жуу бөлмесі) бөлмелерден тұрады Ғимараттардың жертөле және цокольдық қабаттарында балалар болатын үй-жайларды және медициналық мақсаттағы үй-жайларды пайдалануға жол берілмеген.

Бақшада жас ерекшелігіне байланысты топтық үй-жайларының құрамы және олардың ауданы осы Санитариялық қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес келеді. Топқа арналған топтық ұяшықтардың құрамында киім шешетін бөлме, ойын, жатын бөлмесі, буфет-тарату орны, дәретхана карастырылған. Әрбір топтық алаңда күн мен жауын-шашыннан қорғау үшін үш жағынан коршалған 20 м2 кем емес көлеңкелі қалқа көзделген. Көлеңке қалқалардың едені ағаштан құрылған. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңының 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

орындар) қабырғалары 1,5 м биіктікте, себезгі бөлмелерінде 1,8 м биіктікте кафельмен қапталған. Едендердің бетіне ылғалды тәсілмен өңдеуге және дезинфекциялауға жол беретін жылы линолеум төселген.Барлық үй-жайлардағы еденнің беті тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымданбаған.

Ғимараттарда, үй-жайларда еден, төбе және қабырға беттерінде, жабдық беттінде бұзылулар анықталмады, үй-жайлардағы қабырғалардың, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, саңылаусыз, ақаусыз және механикалық зақымдалмаған. Қалыпты режимде жұмыс істейтін үй-жайлардағы қабырғалардың, жабдықтың беті ылғалды тәсілмен жинауға жол беретіндей тегіс, күңгірт түстен соғылған.

Жаңадан соғылған ғимарат бөлмелерінің құрылыстары толық біткен. Ылғалды режимде жұмыс істейтін үй-жайлардың (медициналық мақсаттағы, ас блогы, санитариялық тораптар, кір жуу, жуыну орындар) қабырғаларын 1,5 м биіктікте, себезгі бөлмелерінде кемінде 1,8 м биіктікте тақтаймен, жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды тәсілмен жинауға жол беретін материалдармен қапталған.

Ғимараттар жертөле және цоколдық қабаттарында балалар болатын үй-жайларды және медициналық мақсаттағы үй-жайларды орналастырылмаған. Бақшадағы жылу жүйесі орталықтандырылған табиғи газбен жылытылатын жылу жүйесіне жалғасқан, радиаторларқапталған, әжетханаларда, кір жуатын бөлмелерде, ойын бөлмелерінде, жатын бөлмелерде едендегі жылу жүйесі орнатылған, оларды күтіп ұстау ережелері сақталынған.

Балабақшадағы жиһаздар мен жабдықтардың негізгі өлшемдері осы Санитариялы қағидаларларға 5-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес белгіленген. Әр топта балалардың жасына сай стационарлық екі қабатты кереуеттер мен таңбаланған киім шешінетін шкафтармен жабдықталған. Балалардың жасына байланысты жататын жердің биіктігі еденнен 0,3 - 0,5 м сақталған, жиһазы мен жабдығы балалардың бойына, жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. бөбек жасындағы (1-2 жастағы) топтардағы жатын үй-жайлары жататын жердің өзгермелі биіктігі еденнен 30 см және 50 см деңгейінде және қоршаудың еденнен биіктігі 95 см болатын төрт жағынан биіктігі 120 см, ені 60 см қоршауы бар манеждермен немесе стационарлық кереуеттермен жабдықталған

3 - 6 жастағы балалар үшін - ұзындығы 140 см, ені 60 см, биіктігі 30 см. Бүйір жақ қоршауының биіктігін кемінде 15 см-ге азайту мүмкіндігі көзделген.

Бір жатын орынға төсек жабдықтарының үш жиынтығы (матрастар, жастықтар, көрпе) сақталған. Төсек-орын, киім мен аяққиім, қатты мүкәммал қорын сақтау үшін қойма қарастырылған. Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді. Жеке тіс щеткалары, жөкелер сақтайтын ұяшықтар бар, сондай-ақ төсек жабдықтары мен киім-кешектерді жеке сақтау үшін бөлме көзделген. Ойын, оқу кабинеттері үстелдермен, арқалығы бар орындықтармен жабдықталған. Ойын алаңдарындағы жабдықтар балалардың бойы мен жасына сәйкес келеді, үшкір шығыңқы жерлері мен ақауы жоқ.

Ғимаратта ыстық сулар «Аристон» құрылғысымен жылытылады, барлық топтарға жылыту құрылғылары орнатылған, ауыз су орталықтандырылған су құбырына жалғасқан, су жүйесі бақша ғимаратының ішіне кіргізілген. Әр топтағы дәретханаларда 3 данадан қол жууға қолжуғыштар, 3 данадан унитаздар және қолды кептіруге құрылғылар және 1 данадан иілмелі шлангісі бар гигиеналық табандық орнатылған, бір рет қолданылатын гигиеналық сүлгі, сұйық сабын қойылған. Балалардың орамалдарына арналған қабырғаға ілінетін ілгіштер орнатылған. Дәретханалар қоқыс жинауға арналған қоқыссалғыштармен қамтамасыз етілген. Сәби-бөбектер тобында таза түбектер дәретханаларда жеке таңбаланған ұяшықтарда сақталады. Түбектерді өңдеуге арналған сыйымдылық (кәстрөл) таңбаланған.

Пайдаланған ойыншықтарды күн сайын жууға арналған сыйымдылықтар бар, таңбаланған.

Ауыз су орналықтандырылған ауылдық су жүйесінен қолданады, қосымша тасымалданатын ауыз су қорын сақтауға арналған таңбаланған ыдыстар орналастырылған жеке үй-жай бар.

Бақшада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жығы 17 ақпандағы № 71 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережесінің 16-тармағының 132-1) тармақшасына сәйкес бекітілген санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі - нормалау құжаттары) белгіленген талаптарына сәйкес қауіпсіз және сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген.

Су жүйесі орталықтандырылған ауладағы су құбырына жалғасқан, полиэтилендік құбырлар арқылы балабақша ішіне кіргізілген. Топтарда қайнатылған ауыз суға сыйымдылықтар (графиндерге, шәйнектерге) бар. Әкелінетін сумен жұмыс істейтін объектілерде ауыз су қорын сақтауға арналған сыйымдылықтар орналастырылған жеке үй-жай көзделген.Сыйымдылықтардың таңбалауы ("Ауыз су") белгісі бар.

Орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су, ыстық сумен жабдықтау, су бұру, жылумен жабдықтаулар талапқа жарамды жағдайда көзделген. Ыстық және суық су барлық ванналарға, себезгі бөлмелеріне, тұратын орындарындағы, медициналық мақсаттағы үй-жайлардағы қолжуғыштарға, сондай-ақ ас блогындағы араластырғыш қондырғысы бар қажетті технологиялық жабдықтарға тартылған. Бақшаға арналған сарқынды сулар үшін тазарту уақтылы жүргізілетін объекті аумағының шаруашылық

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септикте жүзеге асырылады. Септиктің қақпақтары бар, беті жабылған, айналасы қоршалған. Сарқынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмеген. Жеке гигиена бөлмелері, персоналға арналған санитариялық тораптары әкімшілік үй-жайлар аймағында орналасқан, САҚ-та жер үсті үй-жайлары мен су өткізбейтін материалдан жасалған қазылған шұңқыры бар, тораптың қабырғалары 1,5 м биіктікте кафелденген.

Бөбекжай балабақшада табиғи жарықтануы терезелер арқылы және қосымша жасанды жарықтандыру арқылы барлық үй-жайларда толық қамтылған, жарық көздері қорғаныш құрылғымен жабылған, жарық көздері талапқа сай орнатылған. Топтарда бір үлгідегі шамдар жеткілікті. Топтық және оқу үй-жайларында терезе әйнектерін бояуға жол берілмеген. Жарық ойықтарын реттелетін күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталған. Терезелердің әйнектелуі бүтін шыны төсемнен орындалған Жарамсыз, құрамында сынап бар шамдарды сақтау үшін балалардың қолы жетпейтін жеке үй жай қарастырылған.

Бақшада спорттық ойындар ұйымдастырлатын спорт зал бар, спорт зал жанындағы киім шешетін бөлмелер киімге арналған ілгіштермен, орындықтармен жабдықталған. Спорттық төсеніштердің жабыны тазалауға және дезинфекциялауға болатын материалдардан көзделген. Балалардың бойы мен жасына сәйкес келетін, үшкір шығынқы жерлері мен кемшіліктері жоқ, су өткізбейтін материалдан беті жабыны бар балалар аландар мен спорт алаңдары таза, тегіс, бөгде заттар жоқ, жабдықтар балалар жасына, бойына сай келеді.

Бақшадағы топтық үй-жайларда, себезгі бөлмелері мен спорт залындағы киім шешетін бөлмелерде, медициналық кабинетте ішкі қабырғаға 0,8-1,2 м биіктікке термометрлер ілінген.

Авариялық ғимараттар мен үй-жайларда орналасқан объектілерді пайдалануға жол берілмеген.

Төсек-орын жабдықтары, орамалдар, жеке гигиена заттары (тіс щеткасы, тарақ, жөкелер) әр балаға жеке бөлінеді. Балалардың жеке тіс щеткалары, жөкелерді сақтайтын жеке ашық ұяшықтар орнатылған. Балалардың төсек-орын жабдықтары жеткілікті, таңбаланған. Артық төсек-орын жабдықтарға жеке бөлме қарастырылған. Бір жатын орынға үш төсек-орын жиынтығының болу талабы сақталған. Жинау мүкәммалдарын сақтауға арнайы бөлінген үй-жайлар қарастырылған. Әр топтағы дәретханаларда 3 данадан қол жууға қолжуғыштар және қолды кептіруге құрылғылар орнатылған, бір рет қолданылатын гигиеналық сүлгі, сұйық сабын қойылған, 3 данадан унитаздар бар, иілгіш шлангідегі себезгі торы бар 1 данадан табандық орнатылған. Сарқынды сулар үшін бақша аумағының шаруашылық аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септикте жүзеге асырылады. Септиктің беті жабылған, айналасы қоршалған. Сарқынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмегенСанитариялық тораптарға арналған жинау мүкәммалының сигналды таңбасы бар.

Асхана 5 бөлмеден тұрады. Асхана блогы: тамақтанатын зал, ас үй ыдыстарын жуатын бөлме, ыстық тамақ дайындайтын аумақ, тоназытқыш жабдығы бар бөлме, тамақ тарату аймағы және персоналға арналған бөлмелермен жабдықталған. Асханада ыстық тамақ дайындау үшін 1-электрлі плита, 1 электрлі титан, 1-газ плита және қосымша ошақ қарастырылған. Барлық бөлмелерде ашылатын терезелер, фрамугалар арқылы табиғи желдету көзделген, есіктердің беті тегіс, сіңірмейтін және ылғалды сіңірмейтін, қабырғалары, едендері (кафель) жуылатын материалдардан көзделген. Есіктер ылғалды сіңірмейтін, абсорбцияланбайтын, жуылатын материалдардан тегіс етіп көзделген. Есіктерді өндірістік үй-жайлардан сыртқа қарай ашылады. терезелер тұтастықты бұзбай, жәндіктерден алынатын жуылатын қорғаныш торларын орнату мүмкіндігімен оларды жууды қамтамасыз ететін конструкциямен соғылған. Ас блогындағы ылғалды ағымдағы дезинфекциялауға жататын үй-жайларда қабырғалар мен еденнің беттері ылғалға төзімді материалдарды пайдалана отырып орындалған. Азық-түлік (тамақ) шикізаты және тұтынуға дайын тамақ өнімдері үшін тамақтану орнында технологиялық және тоназытқыш жабдығы, өндірістік үстелдер, әріптік және түстік белгімен таңбаланған, бөлшектеу тақталарында және ыдыстарда жарықтары, сынықтары, жиектері сынған, пішіні бұзылған, эмалі зақымдалған жарықтар анықталмады. Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары және қорғаныш құлыптары орнатылған. Ас блогында механикалық түрде іске қосылатын желдету көзделеді. Жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстінде сыртқа тарту шатырлары көзделген.

Асханада турау құралдарында, цех ішіндегі жабдықта және ас үй ыдыстарында таңбалау жүргізілген. Жұмыртқаны сақтауға арналған таңбаланған ыдыс-аяқтар қамтамасыз етілген. Ыдыстарды көлмен жууға арналған асхана ыдыстарына арналған үш секциялы, шыны ыдыстар мен асхана аспаптарына арналған екі секциялы ванналар жабдықталған. Ыстық су «Аристон» су жылытқыш құрылғысы арқыль қолданылады. Асхана және ас үй ыдыс-аяғын кептіруге және сақтауға арналған сөрелер орнатылған, таза ыдыстар сақтауға жеке бөлме қарастырылған, сынған, тозған ыдыстар анықталмады. Азық-түлік сақтайтын 2- бөлмелі қойма қарастырылған, 4- дана тоназытқыш бар, тамақ өнімдерін сақтауға арналған сөрелер бар. Сонымен қатар ас үйден оқшаулау жерде сусымалы өнімдерді, құрғақ өнімдерді, ет өнімдері мен жұмыртқалар сақтайтын арнайы қойма қарастырылған, қоймада өнімдерді сақтауға арналған сөрелермен жабдықталған, салқындалатын камералы, тұрмыстық тоназытқыштар қойылған,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

қалыпты жұмыс істеп тұр. Тоназытқыш жабдығы термометрлермен жабдықталған. Қоймада механикалық іске қосылатын желдету көзделген және жылу және ылғал бөлу көзі болып табылатын жабдықтың үстіне жергілікті сору жүйесі орнатылған. Қоймада температуралық-ылғалдылық режимінің сақталуын бақылау үшін өлшеу құралдарымен жарақталған. Тағам өнімдерін дайындайтын орын бөлінген және қажетті жабдықтармен жабдықталған. Қажеттілігіне қарай жабдықтар мен ыдыстар таңбаланған. Ыдыс жуатын бөлмеде үш ұялы ванна ыдыс жууға қойылған. Асхана ыдыстары жаңартылған, белгілері қойылған. Персонал үшін тамақ өнімдерінің ластануын болдырмау үшін қол жууға арналған 2 дана раковиналары (қол жуғыштары) бар. Санитариялық тораптарды (дәретханаларды) жинауға және дезинфекциялауға арналған мүкәммал дәретхана бөлмесінде арнайы белгіленген жерде сақталады. Температуралық-ылғалдылық режимі сақталады, өлшеу құрылғысы орнатылған. Сарқынды сулар үшін бақша аумағының шаруашылық аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септикте жүзеге асырылады. Септиктің беті жабылған, айналасы коршалған. Сарқынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмеген. Суды жергілікті тазарту құрылыстарына түскенге дейін өндірістік сарқынды сулардың шығарылымдарында механикалық тазалау үшін құрамында майы бар сарқынды суларды жергілікті тазалауға арналған қондырғылар (май аулағыштар) орнатылған.

Медициналық бөлмелер жеке тұрған ғимаратқа орналасқан, 3- бөлмеден тұрады: 1- бөлме мед. Кабинет, изолятор бөлмесі, персоналдарға арналған бөлмеден тұрады. Изолятордың өтпелі емес, бөлме арасында 1,2 м биіктікте әйнектелген қалқа құрылғысын орнатылған.

Медициналық қызмет түрі дәрігерге дейінгі алғашқы медициналық көмек көрсету. Кабинеттердің қабырғалары 1,5 м биіктікте, себезгі бөлмелерінде 1,8 м биіктікте кафельмен қапталған. Медициналық кабинетте су орталықтандырылған су жүйесіне қосылған, кабинеттен су құбырынан пайдаланады, қосымша суға арнайы таңбаланған ыдыс қойылған, ыдыстарда «Ауыз су» белгісі қойылған. Лас сулар жүйесіне бақшаның ауласында орналасқан жергілікті бақшаның септигіне қосылған. Бөлменің жарықтануы жасанды және электрлі жолмен жеткілікті қамтылған, ауа алмасуы есік, терезе көздерінен желдетіледі. Жылу орталықтандырылған табиғи газ құбырына қосылған, жылыту құрылғылар орнатылған. Жылыту жүйесінің радиаторлары терезе астындағы қуыстарда орналастырылған, радиаторлар, терезелер және жарықтандыру құралдарын қоршау құрылғылары қойылған. Қол жуу үшін ыстық және салқын су келтірілген, қолды жууға және кептіруге арналған құралдары бар жуынатын раковиналар орнатылады. Дәрі-дәрмектерді сақтайтын 1 мұздатқыш орнатылған, температуралық режим сақталған, өлшеу құрылғысы орнатылған. Медициналық бөлмесінде керекті заттармен жабдықталған, медициналық, таразы, бой өлшегіш, бактерицидті шам, үстелге қоятын шам, медициналық термометрлер, жуатын раковина,педальды қақпағы бар шелек, тонометр, фонендоскоп, медициналық шкаф, стерильденген стол, тумбочка, тоназытқыш, кішкентай бикс, үлкен бикс, қайшы, керме кушетка, дозаторы бар сұйық сабын, жазу үстелі, орындықтар, кеңсе шкафы, қалдықтарды жоюға арналған ыдыс қойылған. Жинау мүкәммалы (шелек, жөкелер, шүберектер) арнайы таңба соғылған және оларды сақтауға орындар қарастырған құралдар жеткілікті қамтамасыз етілген. Бақшада компьютерлік және мультимедиялық сыныптар жоқ болғандықтан зертханалық зерттеулер алынбады. Балабақшадан зертханалық зерттеулер жүргізілді, зерттеулер санитариялық талапқа сай, орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен қамтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы №2023-1284/829/РО-23-01624, 28.07.2023ж, Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы № Ро-23-01624, № 723, 28.07.2023ж. , Жарықты өлшеу хаттамасы № 2023-01624/1369/703-708. 25.07. 2023ж, Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы № РО-23-01624/1396/811-828, 25.07.2023ж

Кір жуу орны 3- бөлмеден тұрады, 2 кір жуатын машина орнатылған, таза төсек-орындарды сақтайтын сөрелер қарастырылған. Бөлмелердің қабырғалары мен еденнің беттері ылғалға төзімді материалдарды пайдалана отырып орындалған. Кір жуу орнында таза және пайдаланылған киім-кешектің қарама-қарсы ағынын болдырмай, технологиялық процестің ағымдылығын сақтау қамтамасыз етілген. Таза және лас төсек жабдықтарды тасымалдауға арнайы таңбаланған ыдыстар қолданылады. Кір жуу орнындағы сарқынды сулар үшін бақша аумағының шаруашылық аймағында орналасқан бөлек жерасты су өткізбейтін септикте жүзеге асырылады. Септиктің беті жабылған, айналасы қоршалған. Сарқынды суларды ашық су қоймаларына және іргелес аумаққа шығару, сондай-ақ су сіңіретін құдықтарды орнатуға жол берілмеген. Бөлме табиғи және жасанды жарықтандырылған, жарық көздерінде қорғаныш құрылғысы бар.Ауа алмасуы есік терезе көздері арқылы және жергілікті сору жүйелері орнатылған. Жылыту жүйесі орнатылған, табиғи газ арқылы жылытылады. Инфекциялық науқастардың төсек жабдықтарын дезинфекциялауға арналған таңбаланған ванна қарастырылған.Терезелерде, желдету үшін ашылатын желкөздерде, фрамугаларда москит торлары және қорғаныш құлыптары орнатылған.

9.Құрылыс салуға бөлінген жер учаскесінің, қайта жаңартылатын объектінің сипаттамасы (өлшемдері, ауданы,

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

топырағының түрі, учаскенің бұрын пайдаланылуы, жер асты суларының тұру биіктігі, батпақтану, желдің басымды бағыттары, санитариялық-қорғауау мағынын өлшемдері, сумен, канализациямен, жылумен камтамасыз ету мүмкіндігі және коршаған ортамен халық денсаулығын атигізер әсері, дүние тараптары бойынша бағыты)
(Характеристика земельного участка под строительство, объекта реконструкции; размеры, площади, видгрунта, использование участка в прошлом, высота стояния грунтовых вод, наличие заболоченности, господствующие направления ветров, размеры санитарно-защитной зоны, возможность водоснабжения, канализования, теплоснабжения и влияния на окружающую среду и здоровью населения, ориентация по сторонам света;)

10.Зертханалық және зертханалық-аспаптық зерттеулер мен сынактардың хаттамалары, сонымен катар бас жоспардың, сызбалардың, суреттердің көшірмелері
(Протоколы лабораторных и лабораторно-инструментальных исследований и испытаний, а также выкопировки из генеральных планов, чертежей, фото)
Орталықтандырылған және орталықтандырылмаған сумен камтамасыз ету жүйесінің ауыз су үлгілерін зерттеу хаттамасы №2023-1284/829/РО-23-01624, 28.07.2023ж, Суды микробиологиялық зерттеу хаттамасы № Ро-23-01624, № 723, 28.07.2023ж. , Жарықты өлшеу хаттамасы № 2023-01624/1369/703-708, 25.07. 2023ж, Метеорологиялық факторларды өлшеу хаттамасы № РО-23-01624/1396/811-828, 25.07.2023ж

11. ИСК-мен жұмыс істеуге рұксатетіледі (разрешаются работы с ИИИ)

ИСК түрі және сипаттамасы (вид и характеристика ИИИ)	Жұмыстар түрі және сипаттамасы (Вид и характер работ)	Жұмыстар жүргізу орны (Место проведения работ)	Шектеу жағдайлары (Ограничительные условия)
1	2	3	4
I. Ашық ИСК-мен жұмыстар (работы с открытыми ИИИ)	-	-	-
II. Жабық ИСК-мен жұмыстар (Работы с закрытыми ИИИ)	-	-	-
III. Сәуле өндіретін құрылғылармен жұмыстар (Работы с устройствами, генерирующими излучение)	-	-	-
IV. ИСК-мен баска жұмыстар (другие работы с ИИИ)	-	-	-

Санитариялық-эпидемиологиялық корытынды
Санитарно-эпидемиологическое заключение

ЖШС «Асем" 225 орынға арналған бөбекжай балабакшасы

(«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 20-бабы сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізілген объектінің толық атауы)
(полное наименование объекта санитарно-эпидемиологической экспертизы, в соответствии со статьей 20 Кодекса Республики Казахстан 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения»)

(санитариялық-эпидемиологиялық сараптама негізінде) (на основании санитарно-эпидемиологической экспертизы)
КР ДСМ-нің 09.07.2021 жылғы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДСМ-59 бұйрығы, КР ДСМ-нің 17.02.2022 жылғы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № КР ДМ-16 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № КР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы, КР ДСМ-нің 2022 жылғы 17 ақпандағы № КР ДСМ-96/2020 бұйрығы, КР ДСМ-нің 2022 жылғы 26 шілдедегі " Коммуналдық мақсаттағы объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электронды құжат және электронды сандық қол қою туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www elicense kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.

талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-67 бұйрығы

Санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге (санитарным правилам и гигиеническим нормативам) сай *сай (соответствует)*

Ұсыныстар (Предложения):

ҚР ДСМ-нің 09.07.2021 жылғы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-59 бұйрығы, ҚР ДСМ-нің 17.02.2022 жылғы "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДМ-16 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 58 бұйрығы, ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-96/2020 бұйрығы, ҚР ДСМ-нің 2022 жылғы 26 шілдедегі " Коммуналдық мақсаттағы объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы № ҚР ДСМ-67 бұйрықтарының талаптары тұрақты сақталсын

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің негізінде осы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының міндетті күші бар.

На основании Кодекса Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения» настоящее санитарно-эпидемиологическое заключение имеет обязательную силу

«Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің Қазығұрт аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесі

Қазығұрт ауданы, көшесі Құрманғазы, № 1 үй

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер, қолы (орынбасар)

Республиканское государственное учреждение «Казыгуртское районное Управление санитарно-эпидемиологического контроля Департамента санитарно-эпидемиологического контроля Туркестанской области Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан»


Казыгуртский район, улица Курмангазы, дом № 1

(Главный государственный санитарный врач (заместитель))

Усипбекова Кулизат Балкыбекқызы

тегі, аты, әкесінің аты, қолы (фамилия, имя, отчество, подпись)

Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған. Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz.



Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы «Электрондық құжат және электрондық сандық қол қою» туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең. Электрондық құжат www.elicense.kz порталында құрылған.Электрондық құжат түпнұсқасын www.elicense.kz порталында тексере аласыз.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе. Электронный документ сформирован на портале www.elicense.kz. Проверить подлинность электронного документа вы можете на портале www.elicense.kz